

Сауд Арабиясы Корольдігі Премьер-Министрінің орынбасары, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Ханзада Сұлтан Бин Әбдел Әзіз Әл Саудтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау мен өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қазан N 1618

Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігінің арасындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту және Премьер-Министрдің орынбасары, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Ханзада Сұлтан Бин Әбдел Әзіз Әл Саудтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер министрлігі Сауд Арабиясы Корольдігі Премьер-Министрінің орынбасары, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Ханзада Сұлтан Бин Әбдел Әзіз Әл Саудтың Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 31 қазан - 3 қарашадағы ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) Сауд Арабиясы Корольдігінің ресми делегациясы мүшелерін орналастыру, оларға қызмет көрсету және көлікпен қамтамасыз ету жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Сауд Арабиясы Корольдігі ресми делегациясы мүшелерінің тұратын және болатын орындарында, сондай-ақ олардың жүру бағыттарында қауіпсіздігін және бірге жүруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп Премьер-Министрдің орынбасары, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Ханзада Сұлтан Бин Әбдел Әзіз Әл Саудтың арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтардың қонуын, ұшуын, оларға техникалық қызмет көрсетілуін, тұрақ берілуін және жанармай құйылуын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз е т с і н .

7. Астана қаласының әкімі Сауд Арабиясы Корольдігінің ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Премьер-Министрдің орынбасары, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Ханзада Сұлтан Бин Әбдел Әзіз Әл Саудты Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу рәсімдеріне қатыссын.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) Сауд Арабиясы Корольдігі ресми делегациясының күзетілетін тұлғаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

10. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 27 қазанда
N 1618 қаулысына
қосымша

Сауд Арабиясы Корольдігі ресми делегациясының мүшелерін
орналастыру және оларға қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру
іс-шаралары

1. Сауд Арабиясы Корольдігі ресми делегациясының мүшелерін (1+18) Астана қаласында "Астана-Интерконтиненталь" қонақ үйінде, сондай-ақ бірге жүретін адамдарды Астана қаласында орналастыру, тамақтандыру және көлікпен қамтамасыз е т у .

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін " Астана-Интерконтиненталь" қонақ үйінде орналастыру.

3. 2000 жылғы 31 қазан - 3 қарашада сапарды өткізуге жұмылдырылған адамдар үшін ұтқыр байланыс құралдарын (5 дана) жалға алу.

4. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсаттамалар) дайындау.

5. Сауд Арабиясы Корольдігі делегациясының басшысы үшін кәдесыйлар мен сыйлықтар сатып алу.

6. Сауд Арабиясы Корольдігінің ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу рәсімдерін техникалық безендіру (VIP-зал, сусындар, шай, жалаулар, Астана қаласында делегацияның жүру бағыты бойынша қазақ және араб тілдерінде қошеметтеу транспаранттары), сондай-ақ Премьер-Министрдің орынбасары, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Ханзада Сұлтан Бин Әбдел Әзіз Әл Саудтың Қазақстан Республикасына ресми сапарының жоспарына сәйкес ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларын дайындау мен өткізуді қамтамасыз ету.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан және

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаевтың атынан Премьер-Министрдің орынбасары Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Ханзада Сұлтан Бин Әбдел Әзіз Әл Саудтың құрметіне Астана қаласында ресми түскі қонақ астарын ұйымдастыру.

8. Премьер-Министрдің орынбасары, Қорғаныс және авиация министрі, Бас инспектор Ханзада Сұлтан Бин Әбдел Әзіз Әл Саудтың ресми делегациясының мүшелеріне медициналық қызмет көрсету.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.